

Түркістан облысы
Келес ауданының білім бөліміне қарасты

№29 жалпы білім беретін мектебі
Коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі
«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының»
іс-құжаттары

2023-2024 оқу жылы

Жамбыл ауылы

10.10.2023ж

«Мектепте ата-аналарды педагогикалық колдау орталығының іске асыру қызметін ұйымдастыру туралы»

Келес аудандық білім бөлімінің 10.10.2023 жылғы №188 бұйрығы және ҚР Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен ісестің 2023 жылғы 4 қарқуыкерті №28 хаттамасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Функционалдык жана кесиптештирүү бөлүмүнүн жетекчиси: «Ата-аналарды» жана «Ата-аналардын» (бүгүн эри- Орталык) боюнша кызмат уйымдастырылсын.

1. Функционалды жауапкершілікті бөлумен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін.
2. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметтің басшылық жасап, бақылауды жүзеге асыруды өзіме қалдырамын.
3. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыруды және Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті регламенттейтін ішкі құжаттарды дайындауды, Бағдарлама бойынша сабақтар өткізуге педагогтерді даярлауды, педагогтерге білім беру курстарын бекітуді; «Даналық мектебі» клубын ұйымдастыруды, педагогтердің, ата-аналармен балалардың мониторингке қатысуын, Бағдарламаны БАҚ әлеуметтік желілерде іске асыру жөніндегі қызметті ілгерілетуді қамтамасыз етуді; аудандық білім бөлімі үшін Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызмет тралы ақпарат дайындауды мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Алимухамелов пен А.Турсынбаеваға жүктелсін.
4. Мектептің жауапты педагогтеріне кабинеттерді бекітуді, ата-аналармен сабақ өткізуге арналған жабдықтармен жарақтандыруды жүзеге асыруды, Бағдарламаны іске асыру және сабақ өткізу кезінде бөгде адамдарды мектепке мектепке жібермеу жөніндегі қызмет барысында мектеп оқушыларының санитарлық-гигиеналық жағдайлары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша техникалық персоналдың, вахтерлердің, күзетшілердің жауапкершіліктерін арттыру үшін жауап беруді директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары С.Уринбаеваға жүктелсін.
5. Педагогтер мен сынып жетекшілерді ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз етуді мектеп кітапханашысы Н.Мустабаеваға жүктелсін.
6. «Даналық мектебі» клубы мен Бағдарламаны іске асыру үшін курстық даярлықтан өткен педагог қызметкерлердің және шығармашылық педагогтерді құрамы анықталып жұмыс тобы бекітілсін.
7. 2023-2024 оқу жылына арналған педагогикалық қолдау орталығынан түзетулер енгізіліп (ата-аналарды оқыту бағдарламасының тақырыбын талдау және әзірлеу мазмұнын жасау және оларды мектептің педагогикалық кеңесінде бекіту мүмкіндігі бекітілсін) ұйымдастыру арқылы «Мектеп пен отбасының өзара іс-қимылды» жана бағытын құра отырып, мектептің тәрбие жұмысының жоспарына бағдарламасына іске асыру қосылсын.
8. Директордың оқу ісі жөніндегі қызметі бақылауды жүзеге асыру үшін іс-шараларды өткізу мерзімдерін бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметі бақылауды жүзеге асыру үшін іс-шараларды өткізу мерзімдерін айқындай отырып толықтырулар енгізісін және ата-аналарға білім беру бағдарламасының вариативті компонентінің мазмұнын әзірлеуде мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсетуді жүзеге асырасын.
9. Сынып жетекшілері ата-аналардың Бағдарламаға қатысуын қамтамасыз етсін. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері туралы ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізісін, ата-аналар жиналысында мектептің оң тәжірибесін жарияласын.
10. Мектеп әкімшілігі Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті БАҚ –та, әлеуметтік желілерде және мектеп сайысында ілгерілетуді жүзеге асырып, бірлескен табысты тәжірибесін насихаттап, бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметке белсені қатысу үшін мектептің өзін-өзі басқаруын мектептің Қамқоршылық кеңесін, әлеуметтік әріптестерді, демеушілерді тартсын.
11. Мектеп әкімшілігі мен жұмыс тобы тәжірибе алмасу және жұмысты тиімділігін арттыру үшін Бағдарлама қызметінің қорытынды іс-шаралар (ата-аналар форумы, ата-аналар конференциясы, ата-аналар оқулары т.б.) аяқталуын қамтамасыз етсін.
12. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негізі: Кеселе аудандық білім бөлімінің 10.10.2023 жылы №188 бұйрығы және ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 12 ақпрудың №28 хаттамасы

Мектеп директоры

Т.Байрабаев,

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Т. Байрабаев.



№29 жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»
(бұдан әрі- Орталық) бойынша түзілген жұмысшы топ мүшелерінің функционалды
жауапкершілігі 2023-2024 оқу жылы

№	Ата-жөні	Функционалды міндеттері	Таныстым
1	Директор Т.Байрабаев.	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын» іске асыру қызметіне бағиылық пен бақылауды жүзеге асырады; Бағдарламаны іске асыру мен «Даналық мектебі» клубының қызметіне ғылыми-әдістемелік және ақпараттық –ресурстық тұрғыда қолдауды қамтамасыз етеді.Позитивті ата-ана болу мәдениетін қалыптастыруда әлеуметтік сәрікестігіті дамытады; тата-аналарға арналған курстарға ата-аналардың назарын аудару мақсатында ақпараттық науқан ұйымдастырады.	
2	ДТЖЖО Н.Алпмұхамедов, А.Турсынбаев.	Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын жүзеге асыру қызметін реттейтін ішкі құжаттарды даярлау дайындайды және бағдарламаны іске асыру қызметін ұйымдастырады.Педагогтердің бағдарлама бойынша сабақ өткізуге дайындығын жүзеге асырады; педагогтар арасында білім беру курсының сабақтарын реттейді. «Даналық мектебі» клубының қызметін ұйымдастырады; сабақтардың кестесін құрады және реттейді. Мониторингтік зерттеулерге педагогтер, ата-аналар мен балалардың қатысуын қамтамасыз етеді. Бағдарламаны іске асыру аясында ата-аналарға білім алуға мотивация беру мақсатында тынып жетекшілер мен ата-аналармен өзара іс-қимыл жасайды; ата-аналарға арналған курстарды өткізу үшін педагогтерді оқытуды ұйымдастырады.	
3	Педагог –психолог Б.Қалдаров	Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру қызметі аясында ата-аналарға психологиялық қолдауды қамтамасыз етеді: Бағдарлама бойынша сабақтар өткізу үшін тренингтер, коучинг сессияларын және басқа да нысандарда өткізуде педагогтерге әдістемелік көмек көрсетеді; бағдарламаны іске асыру қызметін БАҚ-ға және әлеуметтік желілерде насихаттайды.	
4	Әлеметтік педагог Қ.Баянбай	Бағдарламаны іске асыруға ата-аналарды тарту үшін педагогтер мен ата-аналармен ынтымдастықты орнатады; әлеуметтік сәрікестіктердің қатысуына ықпал етеді және бағдарламаның мақаттары мен міндеттері шағын учаскіде, қоғамда насихаттайды; «Даналық мектебіне » жетекшілік етеді.	
5	Сынып жетекшілер	Бағдарламаны іске асыруға ата-аналарды қатыстыруды қамтамасыз етеді; Бағдарламаны іске асыру үшін ата-аналармен ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.іс-шаралардың бекітілген жоғар мен сабақ кестесіне сай өтуін қамтамасыз етеді.	

ДТЖЖО:  А.Турсынбаев.

«Бекітемін»
Мектеп директоры: Т.Байрабаев.



№29 жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының»
жұмысын жүргізу мақсатында құрылған педагогтерден тұратын
шығармашылық жұмыс тобы құрамы

№	Аты-жөні	Қызметі
1	Т.Байрабаев.	Мектеп директоры
2	Н.Алимухамедов	Тәрбие ісі жкніндегі орынбасары
3	Б.Қалдаров.	Педагог-психолог
4	Қ.Баянбай	Әлеуметтік-педагог
5	Сынып жетекшілер	1-9 сынып жетекшілері

ДТІЖО: А.Турсынбаев.

№29 жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
Ата-аналар жұмыс күні тақырыбында кезектен тыс өткізілген ата-аналар жиналысының хаттамасы
09.11.2023ж.

Қатысқандар: мектеп директоры, мектеп әкімшілігі және ата-аналар,

жалпы -22 адам

Күн тәртібінде:

1. «Қылмыстық балалық шақ» тақырыбында айлық іс-шараның мақсатымен таныстыру. Баяндманы Т.Байрабаев.
2. «Бала қауіпсіздігі-басты назарда» көмелетке толмаған балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында. Баяндамашы ДТЖО А.Турсынбаев.
3. «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» және «Ата-аналармен сауалнама» тақырыбында жұмыс жүргізу. Баяндамашы педагог-психолог Б.Қалдаров.

Тыңдалды.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Т.Байрабаев аудан көлемінде, соның ішінде №29 жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде көмелетке толмағандар арасында және көмелетке толмағандарға жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипатындағы қылмыстың, ерте жүкіліктің алдын алу мақсатында жарияланған «Қылмыссыз балалық шақ» тақырыбында іс-шаралар айлығы бастау алғандығын айтып сөз бастады. Т.Байрабаев күн тәртібі мен және айлық іс-шараның мақсат міндеттерімен таныстырып өтті. Ол сөз кезегінде ҚР Конституциясына сәйкес неке мен отбасы, ана мен әке мен бала мемлекеттің қорғауында болады. Алайда бүгінгі таңда баланың денсаулығы мен өміріне қауіп әлі де жоғары. Соңғы кездері көмелетке толмағандарға қатысты заңға қайшы әрекеттер факторлары жиналып кетті. Жыл сайын жүздеген бала қылмыстың құрбаны болады. Оқу орындарында немесе оның маңында болатын құқық бұзушылық алаңдаушылық тудыруда. Сонымен қатар қазіргі уақытта мектеп жанындағы балалардың көпшілігі бос уақыттарын ғаламторға, ұялы телефондарындағы әртүрлі бағдарламаларға қарамастан өткізетіндігін, кейбір кездегі ғаламторға жағымсыз жағдайлықтардың, бейне көріністердің серінен баланың көзқарасы, психологиясы өзгеріп, ұрлық-қорлық әрекеті мен құқық бұзушылық факторларын алып жатады. Сондықтан әлеуметтік желілер арқылы жағымсыз көп ақпараттардың тез тарайтынын, балаларының ұялы телефонында тыйым салынған сайттарға кіріп-шығу, қолдану уақыттарына құрметті ата-аналар ерекше назар аударуларыңызды сұранамын деді.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие орынбасары А.Турсынбаев «Бала қауіпсіздігі- басты назарда» тақырыбында ұлдар және қыздар тәрбиесі жайлы сөз бастады. Жиналыс барысында мектептің ДТЖО А.Турсынбаев көмелетке толмаған балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аудандық және мектепшілік түрлі тақырыптарда іс-шаралар өтіп жатқандығын және алдағы уақыттарда жүргізілетіндігін айтып өтті. Онда Бала құқығын бекітетін маңызды заңдарға «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, «ҚР баланың құқықтару туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік жастар саясат туралы», «балалы отбасыларға берілетін құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз калуының алдын алу туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» және тағы басқа да заңдар жатады. Көмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және оны болдырмау бағытында сынып жетекшімен тығыз байланыста болу, ата-анасыз (заңды өкілі) шықпауын, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 442-1, 442-2 баптарында көрсетілген талаптарды орындап, түнгі сағат 22,00-ден таңғы 6,00-ге дейін ойын сауық орындарына бармауын, үйден тыс жерде жалғыз жүрмеуін қадағалауды, жалпы балаларды күнделікті қадағалау керек. Ата-ана әрқашан мектеппен тығыз байланыста болып балалардың қауіпсіздігін ата-аналар тарапынан қамтамасыз ету қажеттігін және ата-аналарға мына мәселелерге назар аударуын сұранады.
- Балалар өзінің жеке басына қатысты мәліметтерді мекен-жайын, аты-жөнін, туылған жылын, телефон нөмірін, достарының аты-жөндері мен мекен- жайлары туралы ешқашан интернет желісіне енгізебеу керек екендігін, себебі кез-келген адам сенің жөе мәліметіңді кері пайдаланатындығын айтып түсіндірді.
- Интернет желісінде танысқан достармен кездескісі келсе міндетті түрде үлкен аға-іпелері немесе ата-анаға айтып хабарласуын айып түсіндірді.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектептің педагог-психологы Б.Қалдаров «Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың алдын алу» тақырыбында баяндама жасады. Қайсыбір дүниенің болмасын өз қолдану уақыты, мерзімі болады. Күн мен түнді ауыстырған жанның психикасы бұзылып жүйке жүйесіне қысым келеді. Виртуалды өмірде жасаған әрекетін шынай өмірде жасап қаншама бала қылмысқа барған. Бала ата-анасының жасағанын айнытпай жасайды. Бұл жағдайда қоғамдық ықпал медициналық және құқықтық шаралар қолданған жөн. Елімізде көптеген тұрмыстық зорлық-зомбылықтың зардабына ұшыраған балалар да кездесіп жатады. Сөз соңында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» мақсатында «Ата-аналармен сауалнама» тақырыбында жұмыс жүргізді. Ата-аналар комитетінің төрағасы Х.Алимухамедов – «Ұл тәрбиесі», «Қыз тәрбиесі» және «Тұрмыстық зорлық зомбылықтың алдын алу» тақырыбында қосымша шолу жасап өтті. Бала тәрбиесіне отбасы тәрбиесінің жауапкершілігінің күшейту керектігін, алдағы ақытта қатты қолға алу керектігін айтты. Сондықтан барлығымыз жұмыла әрекет жасуымыз керек деп сөзін аяқтады.

Мектеп директоры Т.Байрабаев жиналысты қорытындылай келе, осының алдын алу үшін отбасылық құндылықтарды сақтауды, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілікті болдырмауға, үлкендер тарапынан жасөспірімдерге жасалатын қылмыстың алдын алуға байланысты мектеппен тығыз байланыста болуға, ата-анамен мектеп әкімшілігі тарапынан бір жақты шешім де болуда, балалардың қолында міндетті түрде сүйікті кітабы және достарымен таза ауада айналатын уақыты, спортпен шұғылданатын уақыты болуы керек екендігін ата-аналарға ұғындырды.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Отбасылық құндылықтарды сақтау, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілікті болдырмау, үлкендер тарапынан жасөспірімдерге жасалатын қылмыстың алдын алу байланысты мектеппен тығыз байланыста болу, ата-анамен мектеп әкімшілігі тарапынан бір жақты шешімде болу жұмыстары күшейтілсін.
2. Бала тәрбиесінде отбасы жауапкершілігі аттыру мақсатында ата-аналардың жауапкершілігі арттырылсын.

Мектеп директоры:  Т.Байрабаев.
Хатшысы:  А.Дүйсенова.



№29 жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
2023-2024 оқу жылының басталуына байланысты өткізілген ата-аналар
жиналысының хаттамасы

11.08.2023ж.

Қатысқандар: мектеп директоры, ата-аналар комитетінің төрағасы және ата-аналар-20
сының жетекшілері -11,

Күн тәртібінде:

1. Жаңа оқу жылының басталуы және құқықтық тәртіп бұзушылықтың алдын алу. А.Турсынбаев.
2. Мектеп формасы туралы Баяндамашы. Тәлімгер А.Шалқарова.
3. Басқада мәселелер.

Тыңдалды:

Ата-аналар комитетінің төрағасы Х.Алимухамедов күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті. Мектеп директоры Т.Байрабаев сөзге шығып, өздеріңізбен өткен оқу жылының мамыр айындағы ата-аналар жиналысында бекітілген «Мектептің ішкі тәртіп ережесі» бойынша әрбір оқушы мектепке мектеп формасымен келуі керек дең келе «Мектеп формасы» және Мектепішілік ішкі тәртіп ережесін бекіту» бойынша бекітілген ережемен таныстырып өтті.

Әрбір бала 18 жасқа толғанша оқуына, киіміне, тәрбиесіне ата-анасы жауапт екенін айтты. Метемізде өткен оқу жылында хиджаб киген оқушылар мектепке жоқ екенін айта келе олардың ата-аналарына заң талаптарын түсінгеніне рақмет айтты. Түнде сағат 22:00-ден кейін оқушылардың көшеде жүруге болмайтынын, сабақтан себепсіз қалдармауды айтты.

2022-2023 оқу жылында мектеп оқушылары арасында психологиялық зерделеу жұмысы болғандығын, кемшіліктерді жою жөнінде айтылды. Сол үшін әрбір ата-ана, сынып жетекшілер балалармен жеке сөйлесу, әрекеттерін қадағалау керек. Жеке немесе отбасында отырғанда өмірге деген құштарлығын арттырып, жақсы мысалдар келтіріп, жақсы сөздер айтып, мектепте үйірмелерге қатысуына ықпал ету керектігін айтып сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша мектептің тәлімгері А.Шалқарова биылғы жаңа оқу жылының басталуына байланысты міндетті бірінғай мектеп формасымен сақта талаптары бекітілмесе де жалпы мектепішілік бірінғай мектеп формасын сақтау керектігін атып сөз бастады. Ұлдарымыз бен қыздарымыздың киетін киімдерінің түсі бірінғай қою көк түсті костюм шалбар және юбка мен ақ түсті көйлек екендігін айта кетті. Жеткіншек әлі бала болса да талап қою ересектердікіндей өз мүмкіндігін аажырата алмастан «Бәрін өзім істей аламын, сендер мені әлі бала деп ойлайсындар» деп үлкендерге наразылық білдіреді. Сондықтан да бала тәрбиесі өте күрделі мәселе екенін айтты. «Баланы бастан»- деді дана халқымыз. Ендеше бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, ата-ана, мектеп, біз-сіз болып ынтымақтаса жұмыс жүргізсек, «Қиын бала» деген болмаған болар еді дейді. Балаға мектеп формасын алып берер кезде осы ережелерді ескеруіміз керек екенін айтты.

Ата-аналар комитетінің төрағасы Х.Алимухамедов өз сөзінде оқушылар жаңа оқу жылына мектепке келгені хиджабта келетін оқушылар жоктығын және де бұрын соңды болмағанын айтты.

Жарыссөзге мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары У.Егешева, мектеп психологы Б.Қалдаров және пін мұғалімдері Т.Рахманбердиева және ата-аналар Б.Сартбаев өз ойларын ортаға салды. Жиналыста жоғарыда айтылған мәселелерді тыңдап, талқылай келе төмендегідей шешімге келді.

Қаулы:

1. Бала тәрбиесіне байланысты жүргізілетін жұмыстар күшейтілсін.
2. Жалпы оқушылар бірінғай мектеп формасын сақтау керектігі қолға алынсын.
3. Ата-аналар мен мектеп арасындағы байланыс күшейтілсін.

Мектеп директоры:

Хатшы:

Т.Байрабаев.

А.Дүйсенова.



**№29 жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
2023-2024 оқу жылының басталуына байланысты өткізілген ата-аналар
жиналысының хаттамасы**

09.01.2024ж.

Қатысқандар: мектеп директоры, ата-аналар комитетінің төрағасы және ата-аналар-20
сынып жетекшілер -11,

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылының III тоқсанының басталуы және құқықтық тәртіп бұзушылық, зорлық зомбылықтың алдын алу. Турынбаев.
2. Мектеп формасы туралы Баяндамашы. Тәлімгер А.Шалқарова.
3. Мектептегі буллинг пен ерте жүктіліктің алдын алу. Қалдаров Б.
4. Басқада мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.турсынбаев ата-аналар жиналысының өткізу мақсаты №29 жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кантар, ақпан және наурыз айларында арналған тәрбие жұмысының айлық жылдық жоспарына сәйкес атқарылатын жұмыстармен таныстыра отырып, «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық тәртіп бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында екендігін айтып өтті. Ол өз сөз барысында бала тәрбиесінде ата-аналардың тікелей жауапты екенін айтты. Ата-ана өз балаларының парасатты, білімді азамат болып өсуіне жағдай жасау керек. Жасөспірімдердің құқықтық тәртіп бұзушылықтың алдын алу – қазіргі кездегі маңызды міндеттердің бірі болып саналатынын ескертті.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсін» дегендей отбасылардың барлығынан жағдайы жақсы болша бермейді, кейбір келеңсіз отбасыларда болады, олармен тек түсіндіру шаралары арқылы ықпал ету жеткіліксіз болады. Бұл жағдайда қоғамдық ықпал медициналық және құқықтық шаралар қолданған жөн. Балалық шақтан өткен, бірақ әлі ересектікке жетпеген 11-12 жас пен 14-15 жас аралығын халық педагогикасында жеткіншек дейді. Бұл кезде «қиын жас, құбылмалы жас, өтпелі кезең» сияқты ұғымдар көп танылады. Жеткіншек бойында бұрынғы бар қасиеттерге жаңа саналарынан бала қиналысқа ұшырайды да, оның нәтижесінде тәрбиеге көнуге бөгет жасайды. Осы кезеңге баланың жүріс-тұрысына, ер-сабағына жалпы тәрбиесіне қатты мән беру ата-анаға байланысты екенін айтып өтті. Балаларының, яғни келешек ұрпақтың тәрбиелі білім алуына мектеппен тікелей байланыста болуға шақырады.

Екінші мәселе бойынша мектептің Мектеп тәлімгері биылғы оқу жылы барысындағы міндетті бірінғай мектеп формасын сақтау тәлімгері бекітілген жалпы мектепшілік бірінғай мектеп формасын сақтауымыз керек деді. Ұлдарымыз мен қыздарымыздың киетін киімдеріміздің түсі бірінғай қою көк түсті костюм шалбар және юбка мен ақ түсті көйлек екендігін айта кетті. Жеткіншек әлі бала болса да талап қою ересектердікідей өз мүмкіндігін аажырата алмастан «Бәрін өзім істей аламын, сендер мені әлі бала деп ойлайсыңдар» деп үлкендерге наразылық білдіреді. Сондықтан да бала тәрбиесі өте күрделі мәселе екенін айтты. «Баланы бастан» деді дана халқымыз. Ендеше бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, ата-ана, мектеп, біз-сіз болып ынтымақтаса жұмыс жүргізсек, «Қиын бала» деген болмаған болар еді дейді. Балаға мектеп формасын алып берер кезде осы ережелерді ескеруіміз керек екенін айтты.

Үшінші мәселе бойынша мектептің психологы Б.Қалдаров мектепте буллинг пен ерте жүктіліктің алдын алу қазіргі қоғамның басты мәселелерінің бірі болып тұрғанын айтып сөз бастады. Адамдар арасында өзін басқа адамнан күшті санап зорлық-зомбылық көретіп, қорқыныш үрей туғызып, өз дегеніне мәжбүрлеу бүгінгі күнде қоғамда буллинг деген атаумен кеңінен таныс. Кез- келген адам жас ерекшелігіне қарамай үйінде, көшеде, оқу орындарында немесе т.б. жерлерде буллингке ұшырауы мүмкін. Мектепте бір оқушының екінші оқушыға зорлық-зомбылық жасап, қорқытуының жанжалдасудан айырмашылығы, олар қайталанатын жүйелі әрекеттер. Оқушылардың жас және мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты өзара келіспей қалуы тіпті төбелесуі жасөспірімдердің мінез-құлықтарындағы ауытпаушылықты білдіреді. Келесі мәселе ерте жүктілік. Ерте жүктілік деп 13-19 жаста болатын жүктілікті айтады. Осы уақытта қыз балдарда өтпелі жас кезеңі басталып, гармондық қайта құрылу жүреді. Медицинада 18 жасқа бұл жыныстық тәрбие туралы білімнің жетіспеушілігінен болуы, не болмас тәрбиенің мүлдем жоқтығы. Көптеген отбасыларда бұл тақырыптарда әңгіме қозғалмай, жабық күйде қалады. Бірақ бұл дұрыс емес. Негізінен жоспарланбаған жүктіліктің 90-ы отбасындағы тәрбие және қарым-қатынасқа байланысты келеді. Яғни ана мен қыз баланың өзара қатынасы бұзылса, қыз бала «әдейі» бәрін кері істейді.

Сонымен бірге ата-аналарға көмекке толмағандардың қылмыстық жаапкершілігі туралы толық түсінік беріп өтті.

Жарыссөзге мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары У.Егешова мек пән мұғалімдері шағын өз ойларын ортаға салып отті.

Жиналыста жоғарыда айтылған мәселелерді тыңдап, талқылай келе төмендегідей шешімге келді.

Қаулы:

1. Мектептегі буллинг пен ерте жүктілік тің алдын алу бағытындағы жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілсін.
2. Ата-аналармен байланыс күшейтілсін.
3. Жалпы оқушылар бірінші мектеп формасын сақтау керектігі колға алынсын.

Мектеп директоры:

Т.Байрабаев.

Хатшысы:

А.Дүйсенова.

